

4 Қызылөзек даму қарқынымен қуантады



6 Устаз, ғалым һәм ғибратты жол



# Сыр бойы

№72 (21147) 19 мамыр, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ



### Өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» форматындағы салалық ведомстволардың екінші кездесуіне қатысу үшін Астанаға келген Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Ван Сяохунды, Қырғыз Республикасының Ішкі істер министрі Ұлан Ниязбековті, Тәжікстан Республикасының Ішкі істер министрі Рамазон Рахимзоданы, Түрікменстанның Ішкі істер министрі Мұхаммет Хыдыровты және Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрі Азиз Ташпулатовты қабылдады.

Кездесу барысында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, трансұлттық қылмыс пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздік, экстремизммен және басқа да қазіргі сын-кәтерлермен күрес мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Қытайдың құқық қорғау органдары арасындағы ықпалдастықты арттыру өңірде тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтауда маңызды екенін атап өтті.

– Ұйымдасқан трансұлттық қылмыс тамыр жайып, аясын кеңейте түсті. Киберқылмыс табысы жоғары жаһандық индустрияға айналды. Бұл адамдарды миллиардтаған доллар шығынға ұшыратады. Цифрлық жүйені қылмыстық топтар өз қызметтерін үйлестіруге, табыстарын жылыстатуға, ешбір мемлекеттің шекарасына қарамайтын шабуыл жасауға жиі қолданады. Маңызды көлік және сауда бағыттары түйісетін Орталық Азия аймағына трансұлттық қылмыстық желінің қызығушылығы жоғары. Осы орайда, ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына және адам саудасына қарсы түрлі мәселесі өзекті болып отыр. Күш-жігер біріктіру, ақпарат алмасу, институционалдық ықпалдастықты нығайту және заманауи технологияларды енгізу арқылы ғана бұл сын-кәтерлерге қарсы тұра алатынымызға сенімдімін.

2-бет

## /// ӨРКЕН

### БІР КҮНДЕ 600 БАСПАНА



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов және мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен сол жағалауда құрамында 10 үй бар тұрғын үй кешенін табыстау рәсімі өтті.

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауы – кейінгі жылдары ерекше қарқынмен дамыған аумақ. Мұнда әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй саны жыл өткен сайын артып келеді. Осы аумақта заманауи урбанистикалық шешімдер негізінде жайлы әрі қолайлы инфрақұрылым қалыптасып үлгерді.

Бүгінде сол жағалауда 169 нысан бар, 136 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, мыңдаған отбасы баспаналы болды. Халыққа қолайлы орта қалыптастыру мақсатында 20 әлеуметтік және 13 бизнес нысаны жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта мұнда 47 құрылыс салынып жатыр. Оның 25-і – көпқабатты тұрғын үй, 20-сы – кәсіпкерлік нысан, бір аурухана және бір емхана. Тұрғындардың қауіпсіз жол қозғалысын ұйымдастыру мақсатында Иса Тоқтыбаев көшесінен сол жағалауға өтетін төрт жолақты жаңа автомобиль көпірін салу жоспарланған. Жаңа шағын аудан тұрғындарының

саны 25 мыңнан асты, мектеп, балабақша, сауда орындары халық сұранысына сай қызмет көрсетеді. Қоғамдық көлік үздіксіз қалтынайды. Кілт тапсырылған жаңа үйлерге қоныстанушылар да сол жағалау тұрғындары қатарын толықтырды.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген аймақ басшысы кейінгі жылдардағы халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған ауқымды жобаларды атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз» деген болатын. Бүгін тұрғын үй кезегінде тұрған жерлестерімізге жалпы аумағы 33 мың шаршы метрден асатын 600 пәтердің кілтін табыстап отырмыз.

Тұрғын үй кешенінің аумағында екі футбол, төрт спорт және ойын алаңы, тынығу аймағы, 250 орындық автотұрақ және үш коммерциялық нысан орналасқан. Алдағы уақытта да шаһар келбетіне сән

беретін заманауи тұрғын үйлер бой көтереді.

Меншікті баспана – тұрақтылық пен ертеңгі күнге деген сенімнің кепілі. Жаңа қоныстарыңыз құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс пен ынтмақ тілеймін, – деді Мұрат Ерғешбаев.

Облыс әкімі бұл жобалардың аймақтағы құрылыс саласының әлеуетіне, құрылысшылардың кәсіби деңгейіне оң ықпал еткенін жеткізді.

Қызылордадағы тұрғын үй құрылысының қарқынын өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінен де, ай сайынғы осындай рәсімдер мен қоныс-тойлардан да байқауға болады. Бұл тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстарының бір жүйеге түскенін көрсетеді. Биыл тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 2400 пәтер табыстау үшін бюджеттен 55 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған.

Жиында Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетұлы сөз сөйлеп, ел ағасы Имамадин Зәкірұлы батасын берді. Тұрғын үйді сапалы етіп салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

## /// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

### «AI-KERIM» ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қызылордада Президент қолдауымен «Ai-kerim» оқу-сауықтыру орталығы ашылды. Балаларды қуанышқа бөлейтін ғимарат Президент саябағы аумағында орын тепкен. Құрылысқа 10 млрд теңге жұмсалған нысанның ашылу рәсіміне облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысты. Сонымен қатар, Сенат және Мәжіліс депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, мәслихат депутаттары, зиялы қауым мен ел ағалары

жұртшылықпен бірге қуанышты бөлісті. Оқушылар демалысын тиімді ұйымдастыруда үлесі көп ғимарат құрылысы былтыр қыркүйекте басталған еді. Рәсімде облыс әкімі жаңа орталық жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, демалысына және бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін маңызды жоба екенін баса айтты.

3-бет



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСКАНОВ

## /// ФУТБОЛ

### ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖІГЕР

Қызылордалық «Қайсар» Қазақстан Премьер-лигасындағы алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Жерлестеріміз оныншы турда «Kaisar-Arepaда» Қостанайдың «Тобыл» командасынан 2:1 есебімен басым түсіп, жанкүйерлерге ерекше қуаныш сыйлады. Ойынды тамашалауға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және өзге де азаматтар қатысты.

Ойын алдында аймақ басшысы жергілікті футболшылармен кездесіп жігерлендірді, сәттілік тіледі. Қайсарлықтар Мұрат Нәлқожаұлына қолдауы үшін алғыс айтып, клуб атынан естелік сый-сияпат табыстады. Мұндай қолдау командаға ерекше күш-жігер қосты. Алғашқы минуттан ойын тізгінін қолға алып, жылдам гол соғып үлгерді. Небарі 2-минутта «Қайсар» құрамын биыл толықтырған нигериялық футболшы

Виктор Мозес әріптесі Айбол Әбікеновге әдемі пас шығарып берді. «Тобыл» қақпасымен бетпе-бет шыққан Айбол өз мүмкіндігін мүлг жіберген жоқ. Еліміздің ұлттық құрамасының мүшесі осылайша команданың кейінгі ойындарында үздік нәтижесімен көзге түсіп келеді. Ол 6 мамырда Қызылордада өткен кездесуде 30 метрдей қашықтықтан гол соғып, көпшіліктің қошеметіне ие болған еді.

6-бет



Валюта бағамы \$ 470,17 kzt

€ 547,47 kzt

₸ 6,42 kzt

Ауа райы: Сейсенбі

+24°

+14°

Сәрсенбі

+28°

+14°

## ӨНІРЛІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан қауіпсіздік саласындағы өнірлік және халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуді дәйекті түрде қолдайды. Біз азаматтарымызды қорғау мен елдерімізді орнықты дамыту бағытындағы ашық диалогқа, үздік тәжірибелерді алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қылмыстық элементтердің өнірдегі ішкі тұрақтылықты бұзуына жол беруге болмайды. Бұл орайда жүйелі әрі батыл әрекеттер қажет.

– Қазақстан заң үстемдігін қамтамасыз етуді құқық қорғау қызметі ғана емес, мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыты ретінде қарастырады. Біз «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Аталған қағидат жаңа Конституциямызда елімізді одан әрі жаңғыртудың басты алғышарттарының бірі ретінде көрініс тапты. Маңызды міндеттердің бірі – ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық топтардың қаржы ағынына тосқауыл қою. Экстремизм идеяларының таралуын, лаңкестік топтардың адамдарды интернет арқылы арбауын белсенді түрде әшкерелеп, террорлық актілерге астыртын әзірлік әрекеттерін алдын ала анықтаған жөн. Айтылған қатерлердің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Оған тек жан-жақты, кешенді түрде күш-жігер біріктіре отырып төтеп бере аламыз. «Орталық Азия – Қытай» форматы елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өзара үйлесімді, нақты шешімдердің үлгісі болатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және экономикалық тыныс-тіршіліктің онлайн кеңістікке ойысуы киберқауіпсіздік мәселесін мүлдем жаңа деңгейге көтерді деп санайды.

– Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс ешқандай шекараға бағынбайды. Азаматтарымызға, бизнеске және мемлекеттік органдарға зардабын тигізіп отыр. Гибридті және ақпараттық технологиялар жалған мәлімет, яғни «фейк» тарату құралы ретінде қолданылады. Өшпенділік өртен үрлеп, алауыздық туғызады. Деструктивті элементтердің қолындағы жасанды интеллект ауыр салдарға әкеліп соғатын өте жойқын ақпараттық қаруға айналды. Заң талаптарына қайшы контент толассыз көбейіп жатыр. Осыған байланысты қазіргі ықпалдастық тетіктерін жүйелі түрде жетілдіріп, киберқауіпсіздікке қарсы проактивті іс-қимылға көшу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өңір елдерінің экономикалық ынтымақтастығын нығайту мен дамыту, бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты екенін айтты.

– Транскаспий халықаралық көлік бағыты суразиялық логистиканың стратегиялық элементіне айналып келеді. Жаһандық сауда тізбегінің трансформациясына және геосаяси қысымның күшеюіне сәйкес оның маңызы еселеп артты. Сонымен қатар жүк тасымалын ұлғайтудың белгілі бір қауіп-қатерлері бар. Әңгіме трансұлттық қылмыс, соның ішінде контрабанда, есірткі, қару-жарақ тасымалы туралы болып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өнірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін «Орталық Азия – Қытай» форматының әлеуетін пайдалану қажеттігін жеткізді.

– Менің ойымша, ішкі істер министрліктері бір-бірімен ынтымақтастықты күшейтіп, қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп мәселелеріне қатысты ақпараттармен бөлісуге тиіс. Бұл халықтарымыздың арман-тілегіне толығымен сәйкес келеді. Жұртшылық мемлекеттер басшыларынан өз елдерін тәртіпке келтіріп, қалыпты әрі қауіпсіз өмірге қолайлы жағдай жасау үшін аса шұғыл, тиімді шешімдер қабылдауды талап етіп отыр. Балаларымыз, жалпы халық ел басшыларының, ішкі істер министрлері мен басқа да ведомство жетекшілерінің заңға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын қабылдап жатқандарына көздері жетіп, өздерін қауіпсіз сезінуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен және Орталық Азия мемлекеттерімен өзара сенім, тату көршілік, ортақ жауапкершілік негізіндегі ынтымақтастықты ілгерілетуге ерекше мән беретінін жеткізді.

Кездесуге қатысушылар өзара байланыстарды жолға қоюға, жедел ақпарат алмасуға, кәсіби қарым-қатынастарды дамытуға және құқық қорғау органдарының қызметіне заманауи технологияларды енгізуге ниетті екендерін растады.

Президент аталған жиынның Орталық Азия мен Қытай аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша серіктестік пен ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

## ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ БАСТЫ КҮШ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетовпен бірге Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысының сапары қайта жаңғыртудан өткен Оқшы ата кесенесін аралаудан басталды. Оқшы ата кесенесі – Шиелі ауданының Жөлек ауылынан 7 шақырым қашықта орналасқан, IX-X ғасырда салынған көне архитектуралық ескерткіштердің бірі. Облыс әкімі тарихи нысанда жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысып, аумағын абаттандыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

## ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев «Достық үйінде» зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірді дамыту бағытында атқарылған жұмыстар, қолға алынған бастамалар мен алдағы міндеттер талқыланды.

– Өздеріңізге белгілі, жақында ғана Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекулы төрт жылдан астам уақыт облысымызды басқарған тұста ауқымды жұмыс атқарылды. Бірлігі бекем жұрттымыз тың бастамаларға үнемі қолдау көрсетті.

Облыстың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі 107 пайызға жетті. Экономиканы әртарап-тандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн 900 млрд теңгеге бағаланған 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 1 трлн

теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады, – деді облыс әкімі.

Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан бой көтерді. Сыр жұртшылығының бекем бірлігі мен тату тірлігі барлық жетістікке арқау болды. Облыс тұрғындары орталықтандырылған сапалы ауысумен 100 пайыз, Қызылорда қаласындағы көпқабатты үй тұрғындары ыстық сумен қамтамасыз етілді. Ал жыл соңына дейін 10 елді мекенді газдандыру, «көгілдір отынға» қолжетімділік көрсеткішін 85 пайызға арттыру жоспарланған. Тұрғын үй кезегіндегі азамат-

тарға 8 мыңға жуық пәтер кілті табысталды.

Осы күні сол жағалауда бой көтерген үйлердің 600 пәтері иелеріне салтанатты түрде берілді. Облыстағы 141 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөнделіп, жақсы жағдайдағы жол үлесі 96%-ға жеткізілді.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Президент саябағы жанадан салынды. Сондай-ақ осы күні саябақ аумағында жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық оқу-сауықтыру орталығы балалар игілігіне айналды. Одан бөлек, осы маңда Ботаникалық білім беру орталығы салынууда.

Жыл басында өткен V Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы берген тапсырмаға сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 400 және 500 орындық екі емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, драма театр мен заманауи кітапхана құрылысы жүріп жатыр.

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәліздің Қызылорда-Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі қарқын алды. Ал «Бейнеу-Сексеуіл» бағыты бойынша облыс аумағынан өтетін 189 шақырым жолдың құрылысы жақын күндері басталады.

Жиында Тұрғанбай Маханов, Бекбергел Досманбетов, Айтбай Көшербаев, Өмірбек Шәменов, Шабизада Әбдіқаримов сөз сөйлеп, алда атқарылатын жұмыстардың жемісті болуына тілек білдірді.

### /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЕГІНДІК ЖАЙЫ ЕКШЕЛДІ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Аризона (АҚШ) геномика институтының директоры, профессор Род Вингпен кездесті. Кездесуге Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті басқарма төрағасы – ректор Ербол Исакаев қатысты.

Басқосуда аграрлық геномиканы дамыту және күріш шаруашылығына заманауи геномдық технологияларды енгізу мәселелері талқыланды.

– Қазір облыста ауыл шаруашылығы құрылымдарын жоғары репродукциялы күріш тұқымымен қамтамасыз ететін, аттестатталған 5 тұқым шаруашылығы жұмыс істейді.

Аймақта егілетін күріш дақылдың 2,7 пайызы ғана – отандық, қалған 97,3 пайызы – шетелдік сорттар. Күріш селекциясын дамыту, Ресей, Қытай, Иран, Өзбекстан, Вьетнам, Түркиядан жаңа сорттарды жерсіндіру бағытында сынақ тәжірибелері жүргізілді. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының «Сыр сұлдуы», «Айсара» сорттары мемлекеттік сорт сынағынан өтуде. Тұқым шаруашылығын дамытуға мемлекет жыл сайын субсидия береді. Құрғақшылық пен топырақ тұздылығына бейімделген дақылдардың, вегетациялық мерзімі қысқа сорттардың егін көлемін ұлғайту баста назарда.

Жұмыс сапарыңызға сәттілік тілеймін. Күріш



селекциясын дамыту жолындағы еңбегіңіз әрдайым нәтижелі болсын, – деді облыс әкімі. Профессор былтырдан бері Kozybayev Universi-

ty жанындағы Агрокомпетенция орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта тараптар Қызылорда облысындағы күріш шаруашылығына геномдық технологияларды енгізу бағытында ынтымақтастықты дамытуда.

Сапар барысында профессорлар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми-зерттеу әлеуетімен және заманауи зертханалар жұмысымен танысу бұдан бөлек, «Абзал и К» ЖШС күріш өңдеу зауытына, Нағи Илиясов ауылына және «Мағжан и К» серіктестігінің егін алқаптарына баруы жоспарланған.

Айта кету керек, өңірде 270 мың гектар суармалы жер бар. Оның 179 мың гектарға жуығы – алты массивте орналасқан, инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егін алқаптары. Жыл сайын вегетациялық кезеңге 3,2-3,6 млрд текше метр көлемінде су лимиті бекітіледі. Осы лимитке сәйкес 185-190 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Күріш жыл сайын 85-90 мың гектар алпақша себіліп келген. Алайда кейінгі жылдары су тапшылығына байланысты күріш егінінің көлемін 70 мың гектарға дейін қысқарту жоспарлануда. Өңірде республикадағы жалпы күріш көлемінің 90 пайызы өндіріліп, өнімнің 35-40 пайызы экспортқа шығарылады.

## ГАЗ БАҒАСЫ: «БАРЛЫҚ ТАПСЫРМА САПАЛЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС»

Кеше облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте сұйытылған газ мәселесі талқыланды. Мәжіліске облыс әкімінің орынбасары, басқарма басшылары және салаға жауапты өкілдер қатысты. Мұрат Нәлқожаұлы сұйытылған газдың шекті бағасын өсірмеуді, аймақтағы ахуалды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

– Өздеріңіз білетіндей, газ – Үкіметтің ерекше назарында тұрған өте күрделі және өзекті мәселенің бірі. Сондықтан сұйытылған газды тұрғындарға тиімді бағамен ұсыну – біздің басты міндетіміз.

Облыс аумағындағы 144 автогаз құю станциясы, 6 газ сақтау қоймасы арқылы 15 оператор сұйытылған газды сатумен айналысады. Осы жылдың 23 сәуірінде «Қызылорда газ» мекемесі алғашқы болып газ бағасын

көтерген. Содан соң өзге операторлар да біртіндеп қоса бастады.

Облыс әкімдігі жүргізген жұмыстардың нәтижесінде операторлар бағаны бірте-бірте бұрынғы деңгейге түсірді. Дегенмен, «Қызылорда газ», «Авто Газ Стэйшн», «Каз Авто Газ Сервис» операторлары 5 теңгеге қымбаттатып, тұрғындарға ұсынууда.

Осыған байланысты жауапты сала басшыларына газ бағасын бұрынғы деңгейге шұғыл қайтаруды, халыққа шектеусіз сатуды, басқа өңірлерге

рұқсатсыз тасымалдауға жол бермеуді қатаң тапсырамын! Басқа көздерден болса да коммерциялық газды облысқа жедел жеткізіп, әлеуметтік бағамен сатыңыздар. Барлық тапсырма сапалы әрі уақытылы орындалуы тиіс! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сондай-ақ аймақ басшысы қала және аудан әкімдіктеріне операторлардың газ қорына тұрақты мониторинг жүргізуді, тапшылыққа жол бермеу үшін газ бағасын зерделеуді міндеттеді.

## АЯҚСУ ЖЕТКІЗУДІҢ БЕТАЛЫСЫ ҚАЛАЙ?

Кеше облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қызылорда қаласындағы аяқсу ұңғымаларының қазіргі жағдайымен танысты. Н.Назарбаев даңғылы мен А.Шәменов көшесі қиылысындағы, «Қорқыт ата әуежайы» аумағындағы, «Эдельвейс» саяжайы маңындағы және сол жағалаудағы көпбейінді аурухана жанындағы аяқсу ұңғымаларының жай-күйін көріп, жауапты сала жетекшілеріне нақты тапсырма жүктеді.

Сондай-ақ аймақ басшысына сол жағалаудағы көгалдандыру, жасыл белдеу жобалары таныстырылды. Кейінгі жылдары қоныстанушылар саны өскен шағын ауданды көгалдандыру жұмыстары құрылыспен қатар жүргені маңызды.

Қала аумағындағы 68 көшеде 98,6 шақырым арық жүйелері бар, 46 көшедегі 74,6 шақырымына аяқсу жеткізілуде, 3 көше 4,4 шақырым ірі лотокпен, ал 39 көше 68,6 шақырым кіші лотокпен жабықтықталған. Он нүктедегі 16 насос қондырғысы толық

қуатымен жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ 12 арық жүйесіне 19 насос арқылы су беріледі. «KazstroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС-мен бірлесіп, аяқсу жеткізілмеген көшелерді жерасты ұңғымалары арқылы сумен қамту қолға алынған. Атап айтсақ, Бөкейхан көшесіндегі арыққа аяқсу берілді. Сонымен қатар, «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаладағы арық және канал жүйелерін қалпына келтіріп, тазалау жұмыстарын ұдайы жүргізеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



/// ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

## СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ – ӨҢІРДІҢ ТІРШІЛІК ӨЗЕГІ

Пленарлық отырыста Сенат депутаты Руслан Рүстемұлы ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қ.Бозымбаевтың атына Қызылорда облысындағы суару каналдары мен гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне қатысты депутаттық сауал жолдады.

Оның мәтінін ұсынып отырмыз.

«Күрметті Қанат Алдабергенұлы! Өзіңізге белгілі, Сырдария өзені тартылса, Сыр өңірінің тынысы тарылады. Бұл ретте, өркениетті елдердің ұлылығы табиғатқа деген құрметімен өлшенетіні тағы бір ойға оралады. Содан да болар, «Су – тіршіліктің көзі» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Бүгінде Қызылорда облысының ғана емес, тұтас Арал өңірінің тыныс-тіршілігі Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Алайда өзеннің суармалы жер жүйелері мен арна инфрақұрылымы апатты жағдайға жақын, сондықтан аталған мәселе кешіктіруге болмайтын шешімді талап етеді. Қызылорда облысының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тыныс-тіршілігі тікелей Сырдария өзенінің суылығына байланысты. Өзен бойында облыс елді мекендерінің 85 пайызы орналасқан, ал халықтың 93 пайыздан астамы осы өзен маңында өмір сүреді. Өзен суының 90 пайыздан астамы республикадан тыс жерлерден келуі себебінен, «Арал-Сырдария» бассейні аумағындағы екі аймақтың ішінде Қызылорда облысы оқушыларының ең ауыр зардап шегіп отыр.

Статистикалық деректерге сәйкес облыста барлығы 268 мың гектар суармалы жер бар. Оның 178,6 мың гектары – инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егістіктер (159,3 мың гектары – күріш ауыспалы егістер, 19,3 мың гектары – малазықтық және бақша дақылдары). Жалпы ұзындығы 16,1 мың шақырым суару жүйелері бар (2,3 мың шақырым республикалық меншікте, 1,3 мың шақырым «Арна» КММ, 12,5 мың шақырым аудандар теңгерімінде).

Атап өту керек, аталған каналдар мен қашықтарының барлығы 1960-1970 жылдары пайдалануға берілгендіктен, бүгінгі күні техникалық жағдайы өте төмен. Соның салдарынан суару жүйесінің пайдалы әсер коэффициенті небәрі 60-65 пайыздан аспайды. Топырақ құрылымды каналдардан жыл сайын шамамен 2 миллиард текше метр су жоғалады, бұл дегеніміз республика бойынша жыл сайынғы су шығынының тең жартысы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, каналдарды бетондау немесе суды үнемдейтін басқа да шараларды қолға алу уақыт күттірмейтін мәселеге айналды.

Бүгінге дейін жергілікті бюджеттен коммуналдық меншіктегі 15 каналға бетондау жұмыстарын жүргізуге құны 16,6 млрд теңге құрайтын жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, Су ресурстары және ирригация министрлігіне ұсынылған. Қосымша 33 каналға болжамды құны 56,8 миллиард теңге болатын ЖСК әзірленуде. Осы жобаларды іске асыру су шығынын 25-30 пайызға дейін азайтып, үнемделген суды Арал теңізіне жіберуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» (ИДЖЖ-3) жобасына енген 143 мың гектар аумақтағы 12,5 мың шақырым ішкі шаруашылық каналдары республикалық меншікке алынбаған. ҚР Премьер-министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі Қызылорда облысына жұмыс сапарының қорығында хаттамасының (№11-5/09-32) 4.2 тармағына сәйкес, бұл міндет 2016 жылдың соңына дейін орындалуы тиіс болатын. 2018-2020 жылдары облыстық бюджеттен 796 миллион теңгеге су нысандары құжаттандырылып, тиісті министрлікке ұсынылғанымен, мәселе қазіргі күнге дейін өз шешімін таппауда. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің ресми теңгерімінде тіркелгенімен, іс жүзінде ешкімнің қараусыз жатқан бұл арналарда ең көп су шығыны байқалауда.

Сырдария – Қызылорда облысының тіршілік тамыры ғана емес, Аралды одан әрі де толтырудың бірден-бір үміті. Су жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі ауыл шаруашылығының өнімділігін арттырып, экологиялық тепе-теңдікті сақтап, жүздеген мың отбасының тұрмыс деңгейінің артуына ықпал етеді. Бүгінгі кешіктіру – ертеңгі апаттың алғышарты дер едік.

Күрметті Қанат Алдабергенұлы! Сырдария өзені мен суармалы жер жүйелерінің жағдайын жақсарту мақсатында Үкімет тарапынан бірқатар нақты ұсыныстарды қарастыруға:

1) бірінші кезекте коммуналдық меншіктегі 15 каналды бетондауға арналған, жалпы құны 16,6 миллиард теңгені құрайтын жоба-сметалық құжаттаманы республикалық бюджет немесе халықаралық қаржы ұйымдары есебінен қаржыландыруды қарастыруға;

2) жыл сайынғы 2 миллиард текше метр су шығынын болдырмау мақсатында қосымша 33 каналға әзірленіп жатқан ЖСК-ны (болжамды құны 56,8 миллиард теңге) мемлекеттік бюджет жоспарына енгізуге;

3) ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасына енген 12,5 мың шақырымдық ішкі шаруашылық каналдарын республикалық меншікке қабылдап, олардың бетондалуын қамтамасыз етуге және 2018-2020 жылдары облыстық бюджеттен 796 миллион теңгеге дайындалып, тиісті министрлікке ұсынылған құжаттама бойынша мәселені түпкілікті шешуді жеделдетуге, аталған жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге ықпал жасауынғызды сұраймын.

Депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес, заңда көзделген мерзімде жауап беру сұралады».

## «AI-KERIM» ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

– Бүгін Президент саябағы аумағында Мемлекет басшысының қолдауымен жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін оқу-сауықтыру орталығын ашып отырмыз. 10 млрд теңгеге салынған жана нысанның материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. 300 орындық орталық аумағында 5 мың шаршы метрге жуық әкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған инвент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақүй үлгісіндегі ғимарат бар. Сонымен қатар, балалардың демалысын тиімді ұйымдастыру үшін барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасакталған. Алдағы уақытта 17 мыңнан астам шаршы метр аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылады. Халықаралық Балаларды қорғау күні қарсаңында ашылып отырған бұл орталық – Мемлекет басшысының қолдауымен жас ұрпаққа жасалған тамаша тарту, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Бүгінде өңірде 180 мыңға жуық оқушы бар. Ал аймақта 7 лагерь жұмыс істейді. Оқушылардың жазғы демалысын қызықты өрі пайдалы өткізуге кешенді жұмыс жоспарланған. Биыл 170 мыңнан астам жеткіншек тыңғу лагерінде, 150 мыңға жуығы мектеп жанындағы лагерьде демалады.

Орталықтың ашылуында Мұрат Әбенов, Руслан Рүстемов, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы сөз сөйледі. Сондай-ақ білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар, жана нысан құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекемелерінің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жанадан ашылған «Ai-kerim» оқу-сауықтыру орталығының аумағы 6 гектардан асады. Аймақ басшысы айтып өткендей, демалушыларға керектінің (жатақханалар, әкімшілік ғимарат, спорт кешендері) мен киіз үйлер, іс-шаралар өтетін инвент-орталық, амфитеатр және

1-бет



басқа да демалыс орындары) барлығы дайын тұр.

– Орталық жыл бойы жұмыс істейді. Мұнда 1 мен 10 сыныпта оқитын балалардың толық демалуына, спорттың бірнеше түрімен айналысуға мүмкіндігі көп. Олимпиадалық стандартқа сай бассейні де дайын. Екіншіден, лагерьде зертханалық кабинеттер, ғарыштық инженерия, робототехника сабақтарын өткізетін бөлмелер салынды. Бездің құрылыс компаниясы бұған дейінде лагерь салдық. Бірақ дәл осы Қызылорда қаласындағыдай ерекшелік кездеспеді. Өйткені, бұл лагерь тек демалу аймағы емес, осында балалардың ғылыми қызығушылығын оятатын білім берілімек. Оған қажетті заттар Еуропа елдерінен келді. Сондай-ақ балалардың жатын бөлмелері керекті жабдықпен түгел қамтылған. Әжетхана, жуыну бөлмесі, желдеткіш, бәрі түгелімен тұр, – дейді жоба жетекшісінің орынбасары Еламан Тұрсын.

Оқырманға белгілі, аймақта қайта жаңғыртууды қажет еткен нысанның бірі Президент саябағы еді. Үлкен жобаның Ұлыстың ұлы күні қарсаңында салтанатты түрде ашылғаны мәлім. Қазір мұнда заманауи субұрпақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол,

футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналымды шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатты. Сондай-ақ 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 53 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді. Мұнан бөлек, тұрғындардың қауіпсіздігіне қатысты түнгі жарықтандыру шамдары мен бейнебақылау камералары бар.

Ең жақсысы, саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынды. Қазір бұл маңда Ботаникалық білім беру орталығы, қонақүйлер, тоғыз қабатты 15 баспана тұрғызу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, 200 төсектік жаңа перинаталдық орталық пен көлемі 5,5 гектар жерге Мемлекет басшысы тапсырмасымен жана драма театр және заманауи Президенттік кітапхана нысаны құрылысы да басталып кетті. Оқу-сауықтыру орталығы – іске қосылған алғашқы нысан.

Орталықтан бөлек, осындағы заманауи Ботаникалық бақ жайлы айта кетсек. Қазір 2,41 гектар жерді алып жатқан құрылыстың 80 пайыздан астамы аяқталған.

– Бұл жобаның күші мақсаты – табиғат пен ғылымды біріктіре отырып, тұрғындар үшін білім беру, демалу және экологиялық мәде-

ниетті қалыптастыруға арналған көпфункционалды кеңістік құру. Қазақстанда мұндай бақ көп емес. Астана және Алматыда бар, үшінші жоба осы Сыр елінде қолға алынған. Ал үлкендігі жағынан осы бақ алдыңғы орында. Ғимарат үш блоктан тұрады. Оның екеуі жылыжай, біреуінде субтропикалық, енді бірінде тропикалық өсімдіктер өсіріледі. Үшінші блок әкімшілік болып саналады. Өсімдіктерге қажет климаттық жүйе, ылғалды сақтау, жарық беру, суару жұмыстары бойынша қатаң талаптар да сақталмақ. Бұған да арнайы мамандар тартылады, – дейді жоба инженері Алматы Айдарханов.

Қажетті, яғни жаткерлік өсімдіктерге арналған арнайы топырақ шетелден келеді. Сондай-ақ бүгінде Ботаникалық бақта өсірілетін өсімдік көшеттері Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскар елдерінен Алматы қаласына үш ай бұрын жеткізілген. Қазір арнайы питомникте жергілікті климатқа бейімделуде. Жалпы құны 4,9 млрд теңге болатын нысанның құрылысын алдағы маусым айында толық аяқтау жоспарланған.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Сыр елінде Мемлекет басшысы және Үкімет қолдауымен 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынды. Бір ғана білім беру саласында 43 нысан пайдалануға берілді. Олардың қатарында Президент бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектеп, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, музыкалық колледждің жана оқу ғимараты мен жатақханасы, «Оқушылар сарайы» және «Сыр жұлдыздары» академиясы бар. Бұған қосымша Жалағаш, Жанақорған және Шиелі аудандарындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» жас жеткіншектердің шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға қызмет етіп келеді.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

## ҚУАҢ ДАЛАДАҒЫ ҒЫЛЫМИ СЕРПІН

Кейінгі жылдары Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынып, эколог-ғалымдардың тынымсыз зерттеулерінің арқасында маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл игі бастамалар өңірдегі экологиялық ахуалдың жақсаруына деген үмітті еселейді.

Жуырта ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың төрағалығымен Арал теңізінің құрғаған табанындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселелеріне арналған кеңес өтті. Жиынға Әлихан Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институтының (ҚазОШФЗИ) ғалымдары, сондай-ақ орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің өкілдері қатысып, теңіз түбінде жүргізіліп жатқан ғылыми ізденістердің бағыттары мен нәтижелілігі жан-жақты сараланды.

Арал теңізі – адамзат тарихындағы ең ауыр экологиялық трагедиялардың бірінің куәсі әрі символы. Кезінде көк толқыны шалқып жатқан алып су айдыны бүгінде миллиондаған гектар тұзды шөлге айналып, өңірде жел тұрса, шаңтозамен бірге улы тұздарды жүздеген шақырымға таратып, халықтың денсаулығы мен айналадағы табиғатқа орны толмас залал келтіреді. Осы оқиқылықтың орнын толтыру жолында ҚазОШФЗИ мамандары облыстық филиалмен бірлесе отырып, құрғаған теңіз түбіндегі экожүйесін жаңғыртуға айтарлықтай еңбек етуде.

2024 жылы «Қазақстанның орман ресурстарын ұтымды пайдалану және тиімді сақтау мақсатында орман шаруашылығын ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ауқымды зерттеулер басталды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – көшет материалын өсірудің заманауи технологияларын әзірлеу, өсімдіктердің жерінуіне қауіптілігін арттыру және әсіресе Аралдың құрғаған табанында тұрақты орман алқаптарын қалыптастыру.

Ғалымдар зерттеу барысында ерекше назарды жергілікті топырақ-климат жағдайына бейім, құмды бекітуге қабілетті өсімдік түрлеріне аударды. Атап айтқанда, жүзгін (*Calligonum caput-medusae*) және шобер селитрянкасы (*nitraria schoberi*) тұқымдарының егістік сапасы жіті зерттелді. Жүзгін дегеніміз – жіңішке, жапырағы сирек бұта тәрізді өсімдік. Ол құмды топыраққа және аптап ыстыққа төзімді келеді де, көпшелі құмдарды тоқтатауда және шөлейттенумен күресте таптырмас құрал саналады. Ал шобер селитрянкасы – нитратрийлер тұқымдасына жататын, сортаң жерлерде өсетін, етжең жапырақты, ұсақ жемісі бар бұта. Оның тұзға және қуаңшылыққа төзімділігі өте жоғары, сондықтан бүлінген жерлерді көгалдандыруда кеңінен пайдаланылады.

Былтыр жаз-қыз айларында осы өсімдіктердің физиологиялық тұрғыдан толық пісіп-жетілген тұқымдары жиналып, зертханалық талдаудан өтті. Нәтиже көңіл қуантарлықтай: жүзгін тұқымдарының 71 пайызы үшінші сапа класына сәйкес келетіні анықталса, шобер селитрянкасы алдын ала сулан-

дырудан кейін 40 пайызға дейін өнгіштік көрсеткен. Бұл көрсеткіштер қатаң табиғат жағдайында жергілікті флора өкілдерінің тіршілік әлеуеті зор екенін айғақтайды.

Топырақ құрамы мен табиғи ерекшеліктеріне қарай ғалымдар Арал теңізінің құрғаған табанынан орман өсіруге жарамдылық деңгейі әртүрлі үш тәжірибе алаңын белгіледі. Вегетациялық кезең бойы бұл аумақтарда топырақ ылғалдылығына тұрақты мониторинг жүргізіліп, өсімдіктерді тиімді өсіруге бағытталған бірқатар агротехникалық шаралар қолданылды. Атап айтқанда, тұқым себу барысында ылғал сақтағыш гидрогельдер және өсімдіктің өсуін ынталандыратын



«эпин-экстра» биостимуляторлары пайдаланылды. Бұл құрғақшылық аймақта ылғалды үнемдеуге және тамыр жүйесінің қарқынды дамуына септігін тигізетін маңызды қадам болды.

Осы орайда, біз ҚазОШФЗИ облыстық филиалының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Самалбек Қосановпен тілдесіп, атқарылып жатқан жұмыстардың жай-жапсарын сұраған едік.

– Өткен жылдары Аралдың құрғаған табанын көгалдандыру жұмыстары негізінен орман шаруашылығы мекемелерінің еншісінде болып келді. Алайда ғылым мен тәжірибе арасындағы байланыстың әлсіздігі көп жағдайда нәтиженің төмен болуына әкеп соқтырды. Мә-

селен, бұрынғы жылдары сексеуілдің жерінуі көрсеткіші небәрі 30 пайыздың маңайында ғана болды, ал екіпелдердің тығыздығы өте сирек еді, – дейді С.Қосанов. – Қызылордада институт филиалының ашылуымен бұл бағыттағы жұмыс жүйелі ғылыми арнаға түсті. Біздің басты мақсатымыз – сексеуілдің және сарсазан, қарабарак, анабазис, рихтер сораны секілді басқа да тұзға төзімді өсімдіктердің өнімділігін кешенді зерттеу, сондай-ақ ғылыми негізделген технологияларды өндіріске енгізу.

Ғалымның айтуынша, зерттеулер өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты сынды жетекші ғылыми ұйымдармен тығыз байланыста жүргізілуде. Әртүрлі топырақ қоспаларымен, өсу стимуляторларымен, тұқымды себу

және өсірілуіне қажетті шарттарды қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі әдістермен зерттеулер жүргізіліп, іргелі зерттеулер жүргізу және жобаларды ауқымдандыру айтарлықтай ресурсты қажет етеді. Филиал өз жұмысында халықаралық озық тәжірибеге, әсіресе Қытайдың «Экология арқылы экономика» моделіне сүйенеді.

– Бұл модельдің мәні мынада: инвесторлар экологиялық жобаларға, айта кетсек, орман отырғызуға немесе бүлінген жерлерді қалпына келтіруге қаражат салады. Нәтижесінде мұндай бастамалар атмосфераға бөлінетін көмірқышқыл газының мөлшерін азайтуға көмектеседі. Арнайы есептеу жүйесі белгілі бір учаскеде нақты уақыт аралығында қанша шығарынды қысқартуға қол жеткізілгенін анықтайды. Бұл көрсеткіштер көміртегі бірліктеріне (немесе кредиттеріне) айналыдырылып, оларды сақтауға немесе экономикада пайдалануға болады. Осылайша, инвесторлар уақыт өте келе сапқан қаржысын қайтарып қана қоймай, пайда да табады, ал табиғат бұл үрдістен ұтады, – деп түсіндірді С. Қосанов.

Бұл тетік біздің еліміз үшін де Аралды құтқару ісіне жеке капитал тартудың тың жолы болмақ. Алайда ғалымдардың пікірінше, экологиялық ахуалды тұрақтандыруда халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы одан кем емес. Өңір экожүйесін қалпына келтіруде тұрақты нәтижеге қол жеткізу үшін қоғамның қолдауы мен ғылымға негізделген ұстаным ауадай қажет.

Аралдың қайта түлеуі – бұл ұзақ жылдарға созылатын, үлкен төзімділік пен жүйелі еңбекті талап ететін күрделі процесс. Дегенмен, қазақ даласында «көз қорқақ, қол батыр» демекші, ғылым мен тәжірибені ұштастырған кешенді көзқарас арқылы бұл асқаралы мақсаттың да жүзеге асатынына сенім мол. Құрғаған теңіз түбінде көк өскіннің шығуы – тек табиғаттың ғана емес, ұлт рухының да қайта түлеуінің жаршысындай.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»





# ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕНГЕН ЖІГЕР

Ойынның 9-минутында Айбол тағы бір мәрте мергендігімен көзге түсті. Бұл жолы «Қайсардың» қорғаушысы Сұлтан Асқаров оған өз айып алаңынан әуелете пас шығарып берді. Қостанайлық қорғаушылар қателігін қызылордалық футболшы ұтымды пайдаланып, допты қарсылас команда қақпашысының үстінен асырып жіберді. Дегенмен 30-минутта «Тобылдың» жартылай қорғаушысы Жаслан Жұмашев есеп айырмасын қысқартты.

Осылайша тартысты матч нәтижесі 2:1 есебімен «Қайсардың» пайдасына аяқталды. Үш ұпай олжалаған жерлестеріміз турнир кестесінде 9 ұпаймен он екінші орынға көтерілді.

Айта кетсек, қызылордалық клуб өз алаңындағы жеті кездесудің небәрі біреуінде қарсыласына есе жіберді. Тек алматылық «Қайрат» командасымен ойында 1:2 есебімен ұтылды. Әрине, жанкүйерлердің қолдауы жергілікті команданың рухын көтеріп келеді.

Енді жерлестеріміз 22 мамырда сырт алаңда «Қайратпен» кездесе, 28 мамырда өз алаңында Семейдің «Елімайын» қабылдайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен 11 мың орындық «Қаузаг Атепа» стадионы бой көтерді. Құны 26,5 млрд теңгені құрайтын жана стадионның жасыл алаңы халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Жана стадионның негізгі ерекшелігі – UEFA талабы IV санатқа ие. Бірегей нысанның құрылысы бір жыл үш айда толық аяқталды. Стадионның сапасы және архитектуралық келбеті заманауи талаптарға сай салынған.

Шындығын айтқанда, биыл команда құрамы едәуір жаранды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, быттыр жыл соңында «Қайсар» клубы жеке басқаруға берілді. Клубтың жана иесі, белгілі кәсіпкер Исламғали Қозбақовтың қолдауымен өңір спортын дамыту, әсіресе футболды ілгерілету мақсатында инвестор демалушылығымен 20 млрд теңгеге «Қайсар» балалар академиясының құрылысы салынып жатыр. Онда 6 футбол алаңы, жабық манеж және медициналық орталық қарастырылған, 2027 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі.

Бұл жоба клубтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталған негізгі инвестициясы. Жалпы клубтың стратегиясы 5-10 жылдық жүйелі өсімеге бағытталған. Жоба аясында 7 толық өлшемді және 2 балалар алаңының құрылысы, сонымен қатар жабық манеж бен ойыншыларды қалпына келтіруге арналған медициналық орталық қарастырылған. Бұл академия қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан спортшылар болашақта жергілікті «Қайсар» футбол клубын биік шыңдардан көрсетеді деп нық сеніммен айта аламыз.

Облыста 2022 жылдан бері 24 заманауи спорт кешені ел игілігіне табысталды. Биыл елді мекендерде соңғы үлгідегі 3 спорт нысаны іске қосылады.

1-бет

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



## ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ


Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен ардагерлерге құрмет көрсетілді. Тағылымы мол кездесулер мен ізгі шаралардың басты мақсаты – ел дамуына еңбек сіңірген жандардың қоғамдағы орнын насихаттау және кейінгі буынға өнеге ету.

Іс-шара барысында Шилелі ауданының тұрғындары, білім саласының ардагері, 89 жастағы Тұрысбек Сейітхан мен мемлекеттік қызмет ардагері, 88 жастағы Сейітбек Аманжоловқа сый-сияпат табысталды. Сонымен қатар 80 жасқа толуына байланысты білім саласының ардагері Несіпқұл Алдабергенова, 75 жастағы ауыл шаруашылығы саласының ардагері Дүйсен Малқайдар, 70 жасқа толған ауыл шаруашылығы ардагері Оразбек Бейсов пен жоғары оқу орнының ардагері Шәрбан Майгелдиева да құрмет төрінен көрінді.

Ардагерлер қозғалысына белсенді үлес қосып жүргендерге «Қызылорда облысының құрметті ардагері» төсбелгісі мен Құрмет грамоталары табысталды.

Қоғамның рухани тірегі саналатын ардагерлерге құрмет көрсету – ұлттың өткеніне тағзым, болашағына деген сенімнің көрінісі. Осындай игі бастамалар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге жол ашады.

«СБ» ақпарат



Бүгінгі таңда әлем қарқынды дамып келеді. Алайда өркениет көші алға жылжыған сайын мемлекетаралық қарым-қатынастарда қарама-қайшылықтар да жиілеп барады. Ғылым мен технологияның қарыштап дамуы адамзат өмірін жеңілдеткенмен, табиғатқа түсетін техногендік салмақты еселеп арттырды. Соның салдарынан жаһандық климаттың өзгеруі, ауа температурасының көтерілуі, қуаңшылықтың күшеюі, топырақтың деградацияға ұшырауы, мұздықтардың еруі, тұщы су қорының азаюы секілді адамзатқа ортақ күрделі мәселелер туындауда. Мұның бәрі қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылып, экологиялық ахуалдың күрделене түскенін аңғартады.

Қазақстан да бұл үдерістен шет қалған жоқ. Түрлі сынақ полигондарының, «Байқоңыр» ғарыш айлағының, кен ауқымды тың игеру науқанының өсері ғасырлар бойы табиғатпен үндесіп келген экосистеманың тепе-теңдігін бұзды. Оның салдары халықтың денсаулығына, әлеуметтік жағдайына, қоршаған ортаға ауыр зардаптарын тигізді, бүгінге дейін жалғасып келеді.

Соның ең ашы көрінісі – Арал тағдыры. XX ғасырдың 50-80 жылдарында жүзеге асқан алып ирригациялық жобалардың салдары ХХІ ғасырда «Арал апаты» деген атпен әлемге мәлім болды. Миллиондаған жылдар бойы тіршілік бөсігі болған алып теңіздің небәрі жарты ғасырға жуық уақыт ішінде тартылып кетуі – табиғатты жүйесіз пайдаланудың адамзат тарихындағы ең ауыр мысалдарының бірі. Кезінде Еуразия кеңістігінің інжу-маржаны атанған Арал теңізі бүгінде экологиялық қасіреттің символына айналды.

Бүгінгі күні Арал маны халқы теңіз тартылуының зардабын жан-тәнімен сезінуде. Әсіресе Қызылорда өңірінің тұрғындары медициналық, экологиялық және әлеуметтік-психологиялық ауырталдықтарды бастан өткізіп отыр.

Дегенмен, осындай жағдай боларын ешкім мүлде болжаған жоқ деу шындыққа жанаспайды. Кезінде Одақ көлемінде Сібір өзендерінің суын Торғай арқылы Аралға бұру жобасы дайындалып, тіпті алғашқы жобалық-іздістіру жұмыстары басталған еді. Арнайы шаруашылықтар, болашақ канал бойындағы инфрақұрылымдар жоспарланды. Алайда түрлі себептермен бұл жоба жүзеге аспай қалды.

Тарихи шындықты айту – келер ұрпақ алдындағы міндет. Сондықтан Арал мәселесін шешуге бағытталған батыл қаламдарды да ұмытпауымыз керек. Н.Назарбаевтың тікелей қолдауымен жүзеге асқан «Көкқара» бөтегі, САРАТС жобасы, «Көкқара» су реттегіші секілді маңызды нысандардың арқасында Кіші Арал қайта толысып, өңірдің экологиялық ахуалы біршама жақсарды. Бұл жобалардың әлеуметтік-экономикалық маңызы да айрықша болды. Осындай күрделі кезеңде елдің су шаруашылығы саласына өмірін арнап, ғылым мен өндірістің дамуына өлшеусіз үлес қосқан азаматтардың еңбегін бағалау – ұрпақ алдындағы парыз. Солардың бірі – Байманов Жанұзақ Нұрділдаұлы.

Биыл ол пайғамбар жасы – 63-ке толып, зейнеткерлікке шығып отыр. Әрине, күн сайын зейнет жасына жетіп жатқан азаматтар аз емес. Бірақ олардың бәрі туралы мақала жазыла бермейді. Ал Жанұзақ Нұрділдаұлының өмір жолы мен азаматтық болмысы кейінгі буынға үлгі боларлықтай.

Қазақы түсінікте қасында жүрген інілерінің есейгенін байқамай қалып, «сен де зейнеткер болдың ба?» деп таңырқап жататынымыз бар. Бұл – уақыттың өткінішілігін аңғартатын өмір заңдылығы. Адам жетістігінің астарында әрдайым маңдай тер мен табанды еңбек жатады. Осындай тұлғалардың өмір жолын насихаттау – жастар тәрбиесіндегі маңызды міндеттердің бірі.

Жанұзақ Нұрділдаұлы 1963 жылы 22 мамырда қасиетті Сыр мен Қызылқұм түйіскен Іңкерлер ауданында дүниеге келді. Ол еңбекті өмірінің темірқазығына айналдырған Нұрділда ағамыз бен Қатшағұл ағамыздың көпбалалы отбасындағы төртінші перзенті.

Мал шаруашылығымен айналысқан отбасының тіршілігі жеңіл болған жоқ. Шопан өмірі – табиғатпен бетпе-бет келіп, жылдың төрт мезгілінде тынымсыз еңбек етуді талап ететін ауыр кәсіп. Қыстың қақаған аязы, жаздың аптап ыстығы, күздің ызғарлы желі, төл алу, қой қырку, жайлау мен қыстау арасындағы көші-қон – мұның бәрі үлкен төзімділік пен табандылықты қажет ететін шаруалар.

Осындай ортада өскен Жанұзақ жастайынан еңбекке араласып, ата-анасына қолғабыс болды. Еңбектің дөмін ерте татқан бала сезімтал, еңбеккер, жауапкершілігі мол азамат болып қалыптасты. Мектептегі каникул уақыттарында қолы қалт етсе кітап оқуға әуес болатын. Әкесі баласының еңбекпен шындалып өскенін қаласа, анасы «баламыз ертең ғалым болады» деп, оның кітап оқуына іштей қуанып, әрдайым ерекше қамқорлық танытқан екен. Осындай тәлім мен тәрбиені қатар көріп өскен Жанұзақ өкесінің інісі, инженер-электрик Өмірзақ ағасына қарап бой түзеу, техника саласына қызығушылық таныта бастады. Сөйтіп 8-сыныпты тәмамдаған соң, сол кездегі еліміздегі өте беделді су шаруашылығы, құрылыс, электрофикация, механика салаларына техник мамандарды даярлаған Қызылорда политехникалық техникумына түсіп, гидротехникалық құрылыс мамандығын меңгеріп шықты.

Кезең дәуірінде әскер қатарына барып, Отан алдындағы борышын өтеу әрбір бозбала үшін үлкен мәртебе саналатын. Жастайынан еңбекпен шынығып, спортпен айналысқан Жанұзақ үшін әскер өмірі де үлкен мектеп болды. Сол кезеңде әлемде НАТО мен Варшава шарты елдері арасындағы әскери-саяси текетірес күшейіп тұрған еді. Әскери комиссия оның білімін, денсаулығын, жігерін, төзімділігін бағалап, Венгрияда орналасқан Оңтүстік әскери тобына жіберді.

Алты айлық арнайы танк командирі-механигі даярлау курсы үздік бітіріп, бір жарым жыл механик-жүргізуші болып абыройлы қызмет атқарған ол 1984 жылы елге аман-есен оралды.

Көп ұзамай ата-анасының аманатын орындап, жоғары білім алуға бел буады. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалына оқуға түсіп, 1989 жылы гидромелиорация мамандығын үздік тәмамдайды. Кейін сол оқу орнында оқу шебері, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, факультет деканының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Сол жылдары гидромелиорация мамандығы бойынша Одақ көлемінде теңдесі жоқ оқу-зертханалық база қалыптасты. Оның жақсартуына Жанұзақ Нұрділдаұлының сіңірген еңбегі зор болды. Осы кезеңде ол тек ұстаз ғана емес, ғылымға ден қойған ізденімпаз зерттеуші ретінде де танылды.

Аспирантурада оқып жүріп, сол кезең үшін тын саналатын «Сырдария өзенінің төменгі ағысында малазықтық дақылдарды суару мен тұзданған топырақтарды шаюда ағынды суларды пайдалану технологиясы» тақырыбында ғылыми-зерттеу жүргізді. Белгілі ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор О.Зубайровтың жетекшілігімен техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін сәтті қорғап шықты.

Осы сәттен бастап оның ғылым мен өндірісті ұштастыруға, сапалы мамандар даярлауға бағытталған ауқымды қызметі жана қарқын алды.

Ақмешіт гуманитарлық-техникалық институтының ректоры қызметін атқарған жылдары жоғары білім жүйесін ұйымдастыру, студенттер контингентін қалыптастыру, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу бағытында мол тәжірибе жинақтады.

Ал 2012 жылы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры қызметін атқарып жүрген кезінде, Жанұзақ Нұрділдаұлы арнайы шақырып, «Білімді тарту орталығының» басшысы қызметіне қабылданды. Бұл кезеңде институт алдында ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу, халықаралық ұйымдармен байланысты қуейту, су үнемдеу технологияларын шаруашылықтарға тарту секілді ауқымды міндеттер тұрған еді. Осындай жауапты жұмыстарды жүзеге асыруда Жәкеннің білімі мен ұйымдастырушылық қабілеті ерекше қажет болды.

Осы қызметте жүріп ол халықаралық ФАО, ПРООН, GIZ, IWMI ұйымдарымен тығыз байланыс орнатып, су ресурстарын тиімді пайдалану бағытындағы жана технологиялардың өндіріске енгізілуіне, өңірдегі аграрлық саланың инновациялық дамуына елеулі үлес қосты.

Шетелдік әріптестермен жұмыс барысында Жанұзақ Нұрділдаұлы өзін кәсіби деңгейі жоғары, ұйымдастырушылық қабілеті мықты маман ретінде көрсетті. Оның бастамасымен институтқа инновациялық жабдықтар, танылатын суару жүйелері, лазерлік тегістегіштер мен заманауи сенкіш техникалар әкелінді. Ғалымдар мен шаруашылық мамандарына арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастырып, жана технологиялардың өндіріске кенінен таралуына үлкен үлес қосты.

Жаналыққа жаны құмар, еңбектен жалықпайтын Жәкен бүгінгі күні зейнеткерлік жасқа жетсе де, Арал тағдырына, климаттың өзгеруіне, жер мен судың болашағына алаңдап жүреді. «Алла денсаулық берсе, елге қызмет етуді тоқтатпаймыз ғой» деп отыратыны да содан.

Иә, Жәкен – өмірден түйгені мол, ел қамын ойлаған, ағайынға сүйеніш болған азамат. Бүгінде үлкен әулеттің ұйытқысына, мәуелі бәйтерегіне айналып отыр. Асыл жары, ардақты ұстаз Ләззат Әуеі өнегелі отбасы құрып, ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді. Бүгінде немере сүйіп отырған бақытты ата мен әже. Дос-жанарна сыйлы, әріптестеріне қадірлі, қоғамға танымал ғалым ретінде Жанұзақ Нұрділдаұлы – біздің мақтанышымыз.

Серікбай ӨМІРЗАҚОВ, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰАҒА академигі, профессор

### ТАҒЫМ

## ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА

Сырдария ауданының Шіркейлі ауылындағы Ә.Жәмішов атындағы №129 мектеп-лицейде ұзақ жыл ұстаздық еткен КСРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі Әуезхан Палымбетов осы ауылдан түлеген бірнеше буынға білім мен тәлім берген. Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келсе де, білімге ұмтылысының арқасында Қызылорда су техникумын, Қызылорда мұғалімдер институтының география-биология, одан кейін химия-биология факультеттерін үздік бітіріп шыққан. Арнайы жолдамамен сол кездегі Шымкент облысының Шауылдір ауданына барып, Қаракөл мектебінде мұғалім, одан аудандық білім беру мекемесінде инспектор, оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған.



Бүгінде осы әулетте 30-ға жуық мұғалім бар. Кабинетті жабдықтаумен қатар, немерелері қарашанырақта сақталған қолжазбаларды жинақтап «Ұрпағым аманат» атты кітап шығарды. Ата мұрасын сабақты жібіне дейін түгендеп, сақтап отырған келіні Ақсәуле Есенқожаеваның айтуынша, қолжазбалардың арасында өлең, беташар жырлары, таныстырулар өте көп. Бұл кітаптың барлық кейіпкері бар, өмірде болған адамдар. Әр жазба досқа, туысқа, азаматқа, елге, жұртқа, жерге, Отанға деген ақ ниет, тілек өрліген. Әдемі әзіл-қалжыңмен әділеттен кейбір орамдар автордың рухани биік екенін, өмірді терең білетін танымын көрсетіп тұрады.

Ауыл мектебіндегі салтанатты рәсімде сөз сөйлеген «Аманат» партиясы Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы, аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы Алмас Есназар, ардагер-ұстаз Нұрмағанбет Қуандықов, мектеп түлегі, отставкадағы полковник Қасымхан Есімсейітов Әуезхан Палымбетов туралы естелік айтып, бұл іс-шараның маңызына тоқталды.

Ал рәсімді ұйымдастырушылар, яғни мектеп ұжымы мен ұстаздың ұрпақтары аудандық мүшайраға қатысушыларды марапаттап, жиналған жұртшылыққа алғыс білдірді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»



«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы жазушы-сатирик, ҚР Ішкі істер органдарының ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қазыбек Әшірбекұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.